

ОӘК 347.78.034

ШЕТЕЛДІК ӘНДЕРДІҢ АУДАРМАДАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Кашкинбаева Дильназ Гайдаровна

qwertydilnaz@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 3-курс студенті, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ж. Қоңыратбаева

Қазіргі аударматану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі ретінде шетел әндерін ұлттық тілге аудару трансформациясына ерекше көңіл бөлініп отырғандығын айтуға болады. Әр адам өзінің ішкі сезімі мен талғамына сай келетін ән бағыттарын тыңдайтындығы мәлім. Зерттеулерге сүйенсек, орташа есеппен алғанда, 13-19 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастардың әуен тыңдаудағы қызығушылықтары арта түседі екен. Белгілі француз ғалымы Поль Пьер Брок (1824-1880 жж.) осыдан 100 жылдан астам уақыт бұрын мидың сол жақ жартышарында сөйлеуге жауап беретін аймақтың бар екендігін, одан кейінгі зерттеушілер сол аймақта әуен қабылдауға болатындығын анықтады [1, 541]. Висконсин университетінің зертханасында жүргізілген зерттеулер балалардың қарапайым сөйлеуден гөрі әнді әлдеқайда жылдам меңгередігін растады [2].

Музыканың кейбір жанрлары, әсіресе поп музыка шет тілін меңгеруде өте қолайлы. Бұл туралы Тим Мерфи өз еңбегінде мынадай дәйектеме келтіреді: «Поп жанрындағы әндерде бірінші және екінші тараптан үнемі қайталанатын жоғары жиіліктегі сөздер қолданылады. Нәтижесінде тыңдаушылар әнге барынша эмоционалды тұрғыдан тартылғандығын сезінеді» [3, 374].

Әндер аудармасы жайлы сөз қозғалғанда ұлттық әндердің шет тілдеріне аударылу мәселесінің маңыздылығын да атап өткен жөн. Ұлыбритания жерінде (Лондон) 2020 жылы Абай әндерінің тұңғыш жинағының тұсаукесері өтті. Тағы бір жарқын мысалдардың бірі ретінде

мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаев жырларының түрік тіліне аударылып, кітап болып басылып шыққандығын келтіруге болады.

Абай әндерінің шет тілінде жарық көріп, оларды британдық әншілердің шырқауы бай музыкалық мұра қалдырған ақынды бүкіл әлемге жаңа қырынан таныту идеясын ұстанады. Басылымның басты ерекшелігі – QR-код арқылы тек қазақ халқы емес, шетел азаматтарының да Абай әндерін тыңдай алу мүмкіндігінің туындауы [4].

Бүгінгі таңда шетелдік әндерді адамның тыңдау, сөйлеу және есту, есте сақтау қабілеттерін жақсартатын тиімді әдістердің бірі ретінде пайдаланады. Жасыратыны жоқ, әндер біздің жадымызда қарапайым сөйлеуге қарағанда әлдеқайда жақсы сақталады, ал музыка адамның сезімі мен эмоциясына әсер етудің ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Музыка әуенінің адам миының оң жартышарына, ал сөйлеудің (яғни, мәтіннің) сол жақ бөлігіне әсер ететіні дәлелденді. Сондықтан мәтіннің ырғағы, жағымды әуендері біздің жадымызда ұзақ сақталады.

Зерттеудің мақсаты – шетелдік әндердің аударылу трансформациясын қарастыру және ол әндерді аудару барысында кездесетін қиындықтарды талдап, олардың алдын-алу әдістерін зерделеу. Сонымен қатар шетелдік әндер арқылы ағылшын тілін үйренуді оңтайлы тәсілдердің бірі ретінде қарастыру.

Зерттеу жұмысының тілдік дереккөзі ретінде The Weeknd, Hurts, Imagine Dragons, Adele, The Beatles, Prince, т.б. орындаушылардың танымал әрі рейтинг бойынша көп тыңдалымға ие әндерінің аудармасы алынды.

Заманауи әндердің мәтіндері тілдік-артикуляциялық және тілдік-стилистикалық ерекшеліктерімен танылады. Біріншіден, кез келген ән мәтіні белгілі бір халықтың ұлттық болмысын, мәдени және кезеңдік сипатын бейнелейді. Автор оларды өз шығармасының композициясына саналы түрде енгізеді, ол үшін кейбір маңызды оқиғалар мен құбылыстарға сілтеме жасап отырады. Дәл осы құбылыстар аудармашыға қосымша қиындықтар туғызады, өйткені олар «ана тілінде сөйлейтіндердің тіл білімін» талап етеді. Мысалы, қазіргі уақытта әлемдегі ең танымал рэперлердің бірі, канадалық әнші әрі ән жазушы The Weeknd әндерінен өмірлік оқиғаларға жасалған сілтемелерді көп табуға болады. Тек бір ғана «King of the Fall» ("Көңіл патшасы") әнінен (2014 жылғы альбомнан) мынадай мысалдарды көреміз: *менің қалам – Торонто (әнішінің туған қаласы); Queen Street – әнішінің туған көшесі; XO – әнішінің жеке дыбыс жазу студиясы; Thursday – 2011-The Weeknd студиясының альбомы; O2 Arena – Лондондағы стадион, сыйымдылығы 20 000 адам және т.б.*

Екіншіден, заманауи ағылшын әндерінде, әсіресе, америкалықтардың сөйлеу тіліне тән қысқартулар мен ықшамдаулар басым келеді. Мысалы: *gonna / gon* '= *going to* көмекші етістігінің болымсыз түрі (*it ain't XO; ain't funny; this ain't nothing*), *cause-because*; кейбір зат есімдер мен есімдіктердегі *-ing* жалғауының қысқаруы (*livin', showin', mornin', somethin', m.б.*), сонымен қоса *I'ma* = *Мен барамын*; *go 'head* = *алға*; *'em* = *олар*; *'round* = *айналасында*; *mil* '= *миллион*, т.б. жұмсалымдарды кездестіруге болады. Бұл жерде тоқталып өтетін тағы бір жайт – ағылшын тіліндегі әндер мәтінінде бірқатар лексика-грамматикалық қателер орын алған. Соның ішінде есімдікпен тіркесетін етістіктердің дұрыс қолданылмауы кездеседі. Мысалы: Адельдің *"Hello"* деген әнінде *"But it don't matter, it clearly doesn't tear you apart anymore"* деп берілген. Ағылшын тілінің грамматикалық ережесіне сәйкес *it doesn't* болуы қажет еді. Дей тұрсақ та, түпнұсқа әндердегі қателіктерге қарамастан, бұл ән әлемдік платформада кеңінен тарап жатқанын танимыз.

Үшіншіден, заманауи ән мәтіндерінің қабылдануы мен аудармасының күрделілігі фразалық етістіктердің көптігімен де байланысты деуге болады. Ағылшын тілі фразеологиялық етістіктерге толы екендігі мәлім. Оның үстіне фразалық етістіктер көп мағыналы болып келеді. Кейде аударма нұсқасының көп болуы, тіпті мәнмәтін мазмұнының көптігі әннің түпнұсқасын

табуға кедергі келтіреді. Мысалы британдық орындаушы Hurts «The Rope» әнінде *reach for* фразалық етістігін қолданады [5]. Біздің ойымызша, мәнмәтін мазмұнында бұл бірлік әрі «*келу*» (*‘Мен саған қол созғанша – мен саған келгенше*), әрі «*биіктерге қол созу*» деген мағыналарда жұмсалған.

Сонымен қоса, “Let’s go crazy” (авторы: Prince) әнінде “*And if de-elevator tries to bring you down*” тұрақты сөз тіркесі жиі қайталанады. Ал бұл тіркесті аудару қиынға соғуы мүмкін. Сондықтан, ең алдымен, автордың бұл әнді қандай мақсатта арнап шығарғанына көңіл бөліп алған жөн. Солайша бізде дұрыс әрі нақты аударма шығатыны анық. Ол әніндегі “*de-elevator*” сөзінің түпкі мағынасы ретінде адамдардың зұлымдықпен (сайтанмен) күресін айтқысы келген. Егер өмірді тікелей *лифтпен (elevator)* байланыстырсақ, демек *de-elevator* зұлым күш иесі болғаны және ол бізді барынша сындыруға, төмен түсіруге тырысады. Әннің келесі жолында “*Go crazy*” тіркесі кездеседі. Негізінен *to go crazy* тіркесінің бастапқы мағынасы «*есінен адасу, ақыл-ойды бақылауда ұстай алмау*» дегенді білдіреді. Алайда осы тіркесті аудармашы алдыңғы анықталған ойына сәйкес, «*мықты бол, сені адастыруына жол берме*» сынды мағыналармен аудармасын дұрыс жеткізе алған [6].

Келесі бір мысал ретінде қазіргі кезде танымал "Abcdefu" (авторы: GAYLE) әнінен үзіндісін алсақ: *Even tried to bite my tongue when you start shit*. Бұл тармақ дәнекер тілге «*Я даже пыталась прикусить язык, когда ты начинал спор!*» деп аударылған. Бұл жерде тікелей аударма жасалған. Алайда *to bite a tongue* фразеологиялық тіркесі Fraise.ru онлайн-сөздігінде *артық сөз айтпау, өзін ұстай білу* деген мағыналарда тіркелген. Бұдан шығатын қорытынды, аударма жасау барысында бірден тікелей аударма жолына түспей, оны барынша түпнұсқа тіліне жақын әрі дұрыс аудармасын беруге тырысу қажет.

Жоғарыда атап көрсетілген мысалдардан әндерді тәржіме жасауда аудармашының аялық және тілдік білімі аясын қамтылатындығын, қысқартулар мен ықшамдаулар кезіндегі қиындықтар және көп мағынаға ие фразалық етістіктерді аударудағы қиындықтарды байқауға болады.

Аударма жасау барысында В.Н. Комиссаров ұсынған трансформация әдістерін басшылыққа аламыз. Жалпы шетелдік әндердің трансформациялану жолдарын шартты түрде мынадай тәсілдерге жіктеп қарастыруға болады:

лексика-грамматикалық трансформация

мазмұнды-лексикалық трансформация.

Мысалы “Hello” әнінен үзінді келтірсек:

1-кесте

Түпнұсқа тілі	Дәнекер тіл	Аударма тілі
<p>Hello, can you hear me? I'm in California dreaming about who we used to be= We were When we were younger and free I've forgotten how it felt before the world fell at our feet. (https://lyricstranslate.com)</p>	<p>Привет, ты слышишь меня? Я предаюсь призрачным мечтам о том, какими мы были Тогда — в юности, наполненной свободой. Я забыла то чувство которая была до того как наш мир перевенулся (https://www.amalgama-lab.com/songs/a/adele/hello.html)</p>	<p>Сәлем, сен мені естіп тұрсың ба? Мен қазір біздің қандай болғанымызды еске алып отырмын Біз жас әрі бос едік = еркін едік Мен барлығы астаң кестең болғанға дейінгі сезімді ұмытып қалдым. (https://lyricstranslate.com)</p>

Байқалып отырғандай, аударма барынша балама сипатқа ие. Алайда түпнұсқадағы әннің екінші тармағындағы *I'm in California* және соңғы тармағы толығымен дәнекер тілге аударылмай қалған. Сәйкесінше, қазақ тіліндегі баламасы да толыққанды жүзеге аспаған. Яғни, бұл жерде лексика-грамматикалық трансформацияның компрессия әдісі қолданылған. Біздің пікірімізше, түпнұсқа мәтінінің соңғы тармағының дәнекер және аударма тілдеріне аударылмай қалуы толыққанды нәтиже бере алмаған.

Imagine Dragons тобының “Believer” әніне жасалған аударма нұсқаларына көз жүгіртсек:
2-кесте

Түпнұсқа	Дәнекер	Аударма
I was broken from a young age Taking my sulking to the masses (https://lyricstranslate.com/ru/believer-sendirdin.html-0)	С малого возраста я был сломлен, Вечно не в духе на людях. (https://www.amalgama-lab.com/songs/i/imagine_dragons/believer.html)	Кішкентайымнан шалыстым = жаңылдым, рухыммен сындым, әлсіз болдым Адамдардан көңілім қалған (https://lyricstranslate.com/ru/believer-sendirdin.html-0)

Көріп отырғанымыздай, түпнұсқа мәтіндегі автордың ішкі сезімі, қайғы-мұңы аударма нұсқаларында жақсы жеткізілген. Сондай-ақ дәнекер тіл арқылы жасалған аудармада жалпы мағына тұтас сақталған. Алайда түпнұсқа тіліндегі бірінші тармақты аударма тіліне “*Жастайымнан сағым сынды*” фразеологиялық тіркесімен берген дұрыс болар еді.

Енді “Demons” (авторы: Imagine Dragons) әнінен үзінді келтірсек:

3-кесте

Түпнұсқа	Дәнекер	Аударма
Your eyes, they shine so bright I want to save their light I can't escape this now Unless you show me how (https://lyricstranslate.com)	В глазах твоих — ответ, Хочу спасти тот свет, Но не прогнать мне мрак – Прошу, скажи мне, как? (https://www.amalgama-lab.com/songs/i/imagine_dragons/demons.html)	Сенің көздерің, соншама жарқын жарқырайды Олардың жарығын сақтағым келеді Одан енді құтыла = ұмыта алмаймын Тек қалай екенін сен көрсетпесен (https://lyricstranslate.com)

Байқалып отырғандай, түпнұсқа аударма тіліне дәнекер тілдің көмегінсіз аударылған. Түпнұсқа тілі аударма тіліне мағынасы жағынан жуық әрі оңтайлы аударылған. Ал дәнекер тілге аудару барысында біраз өзгеріс орын алған, трансформация үдерісінің қосу әдісі бірінші және

үшінші тармақтарда қолданылған. Тағы бір ерекшелік – түпнұсқада берілген ұғымның адекватты (дұрыс) баламасын беру үшін етістікке антонимдік аударма тәсілінің қолданылуы. Мысалы, *Unless you show me how* деген тармақ аударма тілінде болымсыз мағынаға ие, алайда түпнұсқа тіліндегі мағынасы адекватты (дұрыс) берілген. Біздің пайымдауымызша, мұндай жолмен аудару аудармашы тәжірибесін жоғары деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді.

Осы әннен тағы бір мысал келтірсек:

4-кесте

Түпнұсқа	Дәнекер	Аударма
No matter what we breed We still are made of greed This is my kingdom come This is my kingdom come (https://lyricstranslate.com)	Что бы мы ни сеяли, Мы все же сотканы из жадности. Пробил мой час, Пробил мой час (https://www.amalgama-lab.com/songs/i/imagine_dragons/demons.html)	Неден жасалғанымыз маңызды емес, Бәрібір барлығымыз= сонда да, біз әлі де ашкөзбіз. Бұл менің ақырзаманым, Бұл менің ақырзаманым. (https://lyricstranslate.com)

Бұл жерде көріп отырғандай, түпнұсқа тілдегі алғашқы тармақтың мағынасы аударма тілінде дұрыс жеткізілмеген. *No matter what we breed* тармағын *Біз не ексек те* немесе *Біз не бастасақ та* деген сөйлемдермен алмастыру тиіс еді. Оған қоса семантикалық калькалау әдісі, яғни сөздің ауыс мағынасын аудару жүзеге асырылған. Мысалы, *This is my kingdom come* мәнмәтіні аударма тілінде ақырзаманның белгісі ретінде көрсетілген. Біздің пайымдауымызша, бұл – аударма нұсқасы қате, ал дәнекер тілге аударылуы барынша жуық мағынаға ие.

2) Мазмұнды-лексикалық трансформация.

Рейтинг бойынша жоғары әрі платформаларда кеңінен таралған “Faded” (Alan Walker) әнінен үзінді шумақты талдасак:


5-кесте

Түпнұсқа	Дәнекер	Аударма
These shallow waters never met what I needed I'm letting go, a deeper dive Eternal silence of the sea I'm breathing, alive. (https://lyricstranslate.com)	Эти безжизненные воды никогда не подходили моим нуждам, Я забываюсь, ныряю глубже, Вечное молчание моря, Я дышу, я жив. (https://www.amalgama-lab.com/songs/a/alan_walker/faded.html)	Жаны жоқ сулар, маған еш керек болмаған Мен ұмытылам, тереңге кетем Үнсіз теңіз, маған бөтен, Бірақ әлі тірімін. (https://lyricstranslate.com)

Байқағанымыздай, Л.С. Бархударов ұсынған трансформация үдерісінің түсіріп тастау әдісі, сондай-ақ В.Н. Комиссаров ұсынған мазмұнды-лексикалық трансформация үдерісінің ұғымдардың логикалық дамуы (модуляция) әдісі аударма тілінің соңғы тармағында сәтті

жұмсалған. Себебі тыныс алатын адамның тірі болатындығы логикалық тұрғыдан мәлім, сондықтан бұл жерде түсіріп тастау әдісінің қолданылуы да орынды. Дегенмен түпнұсқадағы бірінші тармақ дәнекер тілден аударма тіліне “*Жаны жоқ сулар, маған керек болмаған*” деген тіркеспен дұрыс аударылмаған. Себебі жанды немесе жансыз судың болатындығы туралы айту орынсыз. Бұл жерде *shallow* сөзі қазақ тіліне *таяз* деп аударылады. Яғни алғашқы тармақты аударма тіліне “*Бұл таяз су менің қажеттіліктеріме еш сәйкес келмеді*” немесе “*Бұл таяз су маған қажет нәрсеге еш жауап бермеді*” жолдарымен берген дұрыс. Сәйкесінше тіларалық беруде Л.С. Бархударов ұсынған трансформация үдерісінің қосу әдісінің қолданылатынын байқаймыз [7].

Талдауға түскен мәтін аудармаларының трансформация әдістерін диаграммада былайша көрсетуге болады:



Көріп отырғанымыздай, шетелдік әндердің аудармадағы трансформациясын жан-жақты бөліп қарастыруға болады. Соған сәйкес диаграммада көрсетілген әдістер жиі қолданылатыны байқалады: шамамен алғанда компрессия әдісі 55%-ды, түсіріп тастау әдісі 25%-ды, қосу әдісі 12%-ды және логикалық даму (модуляция) әдісі 8%-ды қамтиды.

Қорытындылай келе, шетелдік әндерді аудару барысында аудармашының тілдік және аялық білімі бастапқы сатыға қойылатынын көруге болады. Сонымен қатар заманауи әндер аудармасында трансформация үдерісінің жан-жақты жұмыс жасайтындығы айқындалды, яғни, компрессия, түсіріп тастау, логикалық даму (модуляция) әдістері, жалпы алғанда лексика-грамматикалық және мазмұнды-лексикалық трансформация әдістері тиімді пайдаланылған. Дегенмен әр әдісті түпнұсқа тілі мен аударма тілінің талап ережелеріне сай жұмсағанда ғана толық нәтижеге қол жететіндігі танылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Maess, B., Koelsch S., Gunter, T. Musical syntax is proceed in Broca’s area: An MEG study // Nature Neuroscience. 2001. № 4, pp. 540-545.
2. Leutwyler K. Exploring the musical brain, available at: <http://www.scientificamerican.com/article/exploring-the-musical-bra/> (accessed: 26.07.2019).
3. Murphy T. Song and music in language learning: An analysis of pop song lyrics and the use of song and music in teaching English to speakers of other languages. New York, Peter Lang, 1990, 9. 374 p.
4. <https://lenta.inform.kz/>
5. Крашенинникова Е.И., Крашенинникова Н.А. Особенности современных англоязычных песен и их использование на уроках английского языка
6. https://m.en.lyrsense.com/prince/lets_go_crazy
7. <https://www.translatos.com/kz/kz-en/>